

**Астана қаласы жалпы орта білім беру ұйымдарының арасында
Әкелер қауымдастығы жұмысы аясында «Әке – отбасы тірегі» қалалық
байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

Жалпы орта білім беру ұйымдарының «Әкелер қауымдастығы» Әке мен бала арасындағы «**Әке – отбасы тірегі**» атты қалалық байқауы өткізу қағидаларын, мақсатын, міндеттерін және тәртібін айқындады.

Мақсаты: Жеті атаны білу арқылы өзінді тану. Атадан үлгі-өнеге, тәлім-тәрбие алу. Ата текті құрметтеу, ұрпақ жалғастығы, отбасы құндылығы және тектілік туралы ұғымды ұғыну. Өзінің кім екенін, ағайын-тумаларының қайдан шыққанын білгізу, ұрпаққа шежіре үйрету.

Міндеттері:

1. Ұлттық тәрбиені ошағы — отбасында, екіншіден, мектепте болғандықтан, ата-ана мен мектеп болып бірігіп жұмыс атқару.

2. Халқымыздың тілін, тарихын, ұлттық дәстүрін, ата салтын ұмыта бастаған бүгінгі ұрпақты тәрбиелеуге ат салысу.

3. Ұлттық сезім – өзінің ұлттық өкілділігін мойындай отырып ұлтына деген сүйіспеншілік, жанашырлық, халық мұраларын бағалай білу.

Байқауды Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК, Ж.Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясының «Әкелер академиясы» өткізеді.

Байқауды өткізу мерзімі

Байқау 2024 жылдың 01-ақпан сағат 11.00-де өткізіледі. Байқауға қатысу үшін өтінімді 26 ақпан 2024 жылға дейін ast_jam4@mail.ru, erkin.tulbakan@mail.ru электрондық поштасына өтінімді жолдау қажет. Аталмыш байқау өткізіледі келесі мектептер арасында (№№8,40,48, 50, 53,54,59,66, 68,73, 74, 82, 84, 86,87, 89,92, 90, БИЛ (ұлдар), БИЛ (қыздар)).

2.Байқауды өткізу тәртібі

Байқауға 11-15 жас аралығындағы жалпы білім беру ұйымдарының білім алушылары жас санаттары бойынша әкесімен қатысады. Әр мектептен 1 оқушы 1 әке қатысады (Әке мен бала).

Байқау үш кезеңнен тұрады.

I кезең

«Жеті атасын білмеген...»

1.Оқушы өзінің кім екенін, ағайын тумаларының қайдан шыққанын айту. Жеті атасын (ата-бабасы туралы). Ары қарай әкесі шежірені таркатады.

II кезең

Баға жетпес ұлттық құндылығымыздың бірі – қамшы. Әр қазақтың шаңырағына сән беретін ұлттық бұйым. Ол бірегей өнер туындысы ғана емес, сый-сыяпаттың төресі, ер жігіттің серігі, шаңырақтың киесі саналған. Сол себепті, әрбір қазақ қамшының қасиетін біліп жүруі керек. Осы бағана өздеріңіз атап кеткен ат әбзелдерінің бірі-қамшы өру. Ата-бабамыз бұрыннан қамшыны өздері қайыстан өріп қолданған.

«Ата көрген - оқ жонар». Шеберлік сайысы. Әке мен бала қамшының бір түрін өреді. Қайыспен қосымша бұйым жасап көрсетуге болады.

III кезең

Сайыстың **«Ер қанаты – ат»** кезеңі бәйге алаңында (ипподром) өткізіледі.

«Ер қанаты – ат»

Бұл кезеңде екі түрлі тапсырма орындалады.

1. Оқушы ат әбзелдерін, қазіргі кезде қолданып жүрген ат әбзелдерін, айылдың түрлерін, ердің түрлерін, жүгеннің түрлерін атап, аттың үстіне орналастырады. (Құрал-жабдықтарымен қамтамасыз етіледі).

2. Оқушы атқа мініп көрсету.

«Бәйге»

Әкелер арасында бәйге 5000, 8000, 10000 м қашықтықтарда өткізіледі. Қашықтық төрешілер алқасының шешімі бойынша бәйге алаң (ипподром) айналымының ұзындығына байланысты өткізіледі.

Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау.

Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

Байқау жеңімпаздары I, II, III, дәрежелі диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

